

Тақырыбы:
П п дыбысы және әрпі.





Сабақтың мақсаты: 1. Өткен әріптерді есіне түсіре отырып, ойлану қабілеттерін арттыру.

2. П п дыбысымен таныстыру, п дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіру және осы сөздерді қатыстырып, бірнеше сөйлем құрастыру.

Дыбыстық талдау жасауға және сауатты жазуға үйрету.

Көрнекілік: парта, слайд, интерактивті тақта, піл суреттері, кеспе әріптер, буындар, текшелер.

Әдісі: сұрақ-жауап, әңгімелесу.



Сабақтың жүрісі

Ұйымдастыру кезеңі

Шаттық шеңбері:

Қуан, шаттан, алақай!

Қуанатын келді күн.

Қайырлы таң! Қайырлы күн!

Күліп шықты бүгінде күн.





Үй тапсырмасын тексеру:

а а а а а а а

А А А А А А А

Т → А ТА ТА ТА ТА ТА ТА



Жаңа сабақ.

П П

Дыбысы мен әрпі





Африка пілі (Африканский слон).


Жер бетіндегі құлағы ең үлкен аң. Оның құлағы жаялықтай. Піл жақсы естиді. Оның құлағы ыстық күні желпуіш қызметін атқарады.

Оңтүстік-Шығыс Азия пілді көлік ретінде, әрі жұмыс күші ретінде пайдаланады. Зерттеу бойынша Бирмадаға пілдер өмірі қысқарып барады. Мұның себебі олар тынымсыз демалыссыз еңбектенеді. Әрі олар әлдилеуді жақсы көреді.

Соқа тісті піл.

Піл соқатісі арқылы күн көреді. Ол ағаш қабығын сындырып жеп, сусыз жылы құдық қазып, су ішеді. Ол қауіпті қару болғанымен, піл соқатісін сирек пайдаланады. Пілдің ұзын тұмсығы болады. Оны жапырақты, бұтаны, ағаш жемісін алуға пайдаланады.

Пілдің тұмсығын оның мұрны деуге болады. Тұмсығымен суды сорып, аузына құяды, ыссы күні салқындау үшін үстіне шашық шашады. Піл тышқаннан қорқады.



Жұмбақ шешу.

Қалың киім ұнатады,
Шешіндірсең жылатады.

(пияз)

Мұрыны насос, кран да,
Кім таңқалмас бұл аңға.

(піл)

Қорықпайды күшті аңнан,
Қорықады тышқаннан.

(піл).



Тақпақ оқу. П дыбысы кездесетін сөздерді табу.


Пайдалы деп, пияз жеп,
Парласа жас көзімнен.
(Піссінші біраз),-деп,
Пысылдадым төзіммен.

Ұшақпенен ұштық,
Парашюттен түстік.
Паравозбен кеттік,
Астанға жеттік.

Қабырғада карта,
Класс толы парта.
Керек енді оқу,
Оқығанды тоқу.

Піл,
Піл-ау зілдей дененді,
Шаршадың ғой ауырлап.
Тынықсаңшы сен енді,
Бір уақыт жер бауырлап.





Дәптермен жұмыс.

П п



Па → па па па па

А → па апа апа апа

апа →

Тап тап тап тап тап

п п п п п

П П П П П

Пп Пп Пп Пп Пп

Love You

Кітап,
парта,
піл,
ПИЯЗ.



